

"Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің өндірістік-пайдалану кәсіпорны" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 13 мамыр N 570

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің және оның ведомстволық бағынысындағы ұйымдардың қызметін материалды-техникалық қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің өндірістік-пайдалану кәсіпорны" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы, сондай-ақ Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асырушы орган болып Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі б е л г і л е н с і н .

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі саласы Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің және оның ведомстволық бағынысындағы ұйымдардың мүлкін басқару жөніндегі шаруашылық қызметті жүзеге асыру деп б е л г і л е н с і н .

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру жөніндегі комитетімен бірлесе отырып Кәсіпорынның жарғылық қорын қ а л ы п т а с т ы р с ы н ;

2) Кәсіпорынның жарғысын бекітсін және оны мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз е т с і н ;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Премьер - Министрінің

міндетін атқарушы